

Облыс жастары, кел бірігейік

2015 жылдың 23 қыркүйек күні облыстық М. Катаев атындағы Оқушылар сарайында «Қазіргі таңдағы тәрбиелік кеңістігін ұйымдастырудың қоғамдық бірлестіктегі балалар мен жастардың рөлі» атты тақырыпта мектептегі мұражай жетекшілері, мектептегі баспасөз орталығының жетекшілері, мектеп тәлімгерлері, «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымдарының үйлестірушілері үшін облыстық оқыту семинары өткізіледі. Семинарда барлығы 57 педагог, 67 балалар болды.



«Заманауи тәрбие кеңістігінде балалар және жастар мүмкіндіктерін қолдану» атты тақырыбы аясында «Жас Ұлан» аймақтық біріңғай балалар-жасөспірімдер ұйымының хатшысы Петрович Оксана Владиславовна баяндамысын ұсынды. М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының әдіскері Шакиримова Вера Саттарқызы пионерлер қатарынан Жас Ұланға дейін балалар қозғалысының тарихы туралы өз презентациясында мәлімдеді. Оқушылар сарайының әдіскері Жаканова Динара Орынбасарқызы жалпақ жұртқа «Мектеп омбудсмені» атты жобасының тұсауын кесті. Семинар шеңбері аясында Оқушылар сарайының педагогтары мен әдіскерлері шығармашылық лабораториялар өткізді. Семинардың қатысушылары демократиялық азаматтық туралы, балалар құқықтары жайлы, мектеп мұражайлары арқылы патриотизмге тәрбиелеу тақырыптарын талқыға салды. Балалар журналистикасы бойынша шығармашылық зертханасында мектеп баспасөз орталықтарының өкілдері оқушылардың тәрбие барысында мектеп газеттеріндегі жаңалықтар туралы сұрақтарды қарастырды. «Бейбітшілік біздің ортамызда!» және «Бір шаңырақ астында» атты тақырыптарға сай оқушылармен шығармашылық зертханалар өтті. Аталмыш зертханалар соңында оқушылардың назарына 2015 - 2016 оқу жылына арналған облыстық «Жас Ұлан» балалар-жасөспірімдер ұйымының «Табысқа апарар жол», «Үміт сәулесі», «Мектеп омбудсмені» жобалары ұсынылды.

Іс-шара сонында семинардың жас қатысушыларын Балалар бейбітшілік орталығына бітімгершілікке қабылдау рәсімі өтті. Салтанатты қабылдау рәсімін бейбітшілік орталығының директоры Сүлейменова Самал Сағатқызы жүргізді.